

Республикалық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының құрамын өзгерту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 қыркүйектегі N 935 Қаулысы

Құрылыстың аяқталуына байланысты және республикалық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары желісін реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Республикалық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының құрамынан мынадай автомобиль жолдары учаскелері коммуналдық меншікке берілсін:

1) жалпы ұзақтығы 7 км Түркістан қаласының шекарасы шегіндегі ұзақтығы 4 км "М-32 РФ шекарасы (Самараға) - Шымкент, Орал, Ақтөбе, Қызылорда қалалары арқылы" және ұзақтығы 3 км "Р-31 Кентау - Түркістан - Арыстанбаб - Шәуілдір - Төрткөл" құрамынан;

2) Қызылорда гидроторабы арқылы ұзақтығы 7 км "М-32 РФ шекарасы (Самараға) - Шымкент, Орал, Ақтөбе, Қызылорда қалалары арқылы" құрамынан;

3) ұзақтығы 12 км "Р-5 Көктоғай а. кіреберіс";

4) ұзақтығы 19 км "Р-41 Орал қаласының айналма жолы".

2. Республикалық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының құрамына мыналар енгізілсін:

ұзақтығы 4 км Қызылорда қаласындағы Сырдария өзені арқылы өтетін және ұзақтығы 16 км Орал қаласының маңындағы Жайық өзені арқылы өтетін "М-32 РФ шекарасы (Самараға) - Шымкент, Орал, Ақтөбе, Қызылорда қалалары арқылы" кіреберістерімен көпір өткелдер;

Көкшетау қаласының шекарасы шегіндегі ұзақтығы 9 километр "А-1 Астана - Петропавл, Көкшетау қаласы арқылы" және ұзақтығы 7 километр "А-13 Көкшетау - Кішкенекөл - Бидайық - РФ шекарасы (Омбы қаласына)" автомобиль жолдары учаскелері.

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен және Қызылорда, Батыс Қазақстан, Ақмола және Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдерімен бірлесіп жоғарыда көрсетілген автомобиль жолдары учаскелерін қабылдау-тапсыру жөніндегі қажетті ұйымдастыру іс-шараларын жүзеге асырсын.

4. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 20.08.2015 № 655 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

